

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

АО "Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Директорлар кеңесінің

(2017 жылдың 27 сәуіріндегі № 15  
отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2017 жылдың 01 маусымынан бастап

**қолданысқа енгізілді**

Листингтік алымдардың мөлшерін, төлеу  
мерзімін және тәртібін анықтау

## ЕРЕЖЕЛЕРІ

---

Алматы қ.

2017

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленіп, листингілік алымдардың (мөлшерлемелерін), мөлшерін анықтау тәртібін, сондай-ақ оларды төлеу мерзімін және тәртібін анықтайды.

## 1 бөлім. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

### 1 бап. Түсініктер мен шартты белгілер

Осы Ережелерде Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржаның "Листингілік ережелер"<sup>1</sup> (бұдан әрі – Листингілік ережелер) атты ішкі құжатында және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған түсініктер мен шартты белгілер қолданылған.

### 2 бап. Листингілік алымдардың түрлері

Листингілік алымдар келесі түрлерге бөлінеді:

- 1) эмитенттің және оның шығаратын облигацияларының, Биржаның ресми тізіміне енгізуге және осы тізімде болуға қойылатын, талаптарға сәйкестігі туралы алдын ала тұжырымдама бергені үшін алынатын, алдын ала алым;
- 2) өтінішті қарау үшін листингілік алым (бұдан әрі – қарау үшін алым) мына жағдайларда алынады:

бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтінішті қарау үшін; немесе

Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылатын, облигацияларды Биржаның ресми тізіміне енгізуге келісім беру туралы өтінішті қарау үшін; немесе;

- 3) кіру листингілік алым (бұдан ірң – кіру алымы) мына жағдайларда алынады:

бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізгені үшін;

Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылатын, облигацияларды Биржаның ресми тізіміне енгізуге келісім бергені үшін;

- 4) бағалы қағаздардың Биржаның ресми тізімінде болған әр жылына алынатын, жыл сайынғы листингілік алым (бұдан әрі – жыл сайынғы).

### 3 бап. Листингілік алымдарды төлеуші

1. Егер, бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу (айналысқа жіберу) туралы (Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылатын, облигацияларды Биржаның ресми тізіміне енгізуге келісім беру туралы), акцияларды Биржаның ресми тізімінің төменірек санатынан жоғарырақ санатына ауыстыру туралы, бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу мүмкіншілігі туралы алдын ала тұжырымдама беру туралы өтініште өзгесі көрсетілмесе, листингілік алымдарды осы бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысы төлейді.

Егер листингілік алымдардың төлеушісі осы бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысы болып табылмаса, рұқсаттама бастамашысы Биржаға листингілік алымдардың нақты төлеушісі, төлейтін алымдарының

---

<sup>1</sup> Утвержден решением Совета директоров Биржи (протокол заседания от XX месяца 2017 года № XX).

түрі, листингілік алымдарды үшінші жақ төлеушісі болатын мерзімі көрсетіліп, хат жолдауы тиіс, сондай-ақ осы Ережелерге сәйкес листингілік алымдарды төлеу бойынша өзіне міндеттеме алатыны туралы жазбаша келісімі ұсынуы тиіс.

2. Егер, осы баптың 1 таррмағында белгіленген үшінші жақ, өзіне алған міндеттеені орындамаған жағдайда, листингілік алымдарды төлеу бойынша міндет рұқсаттама бастамашысына ауысады.

#### **4 бап. Листингілік алымдар бойынша жалпы шарттар**

1. Листингілік комиссия немесе Биржа Басқармасы бағалы қағаздарды Биржаның Басқармасы бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізуден (айналысқа жіберуден) (Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылатын, облигацияларды Биржаның ресми тізіміне енгізуге келісім беруден), акцияларды Биржаның ресми тізімінің төменірек санатынан жоғарырақ санатына ауыстырудан бас тартқан жағдайда, немесе осындай енгізу немесе ауыстыру туралы өтініш берген рұқсаттама бастамашысы өтінішін қайтарып алған жағдайда, Биржаға қарау үшін төлеген алымы қайтарылмайды.
2. Бағалы қағаздар Биржаның ресми тізімінің "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Акциялар" секторының бір санатынан осы сектордың басқа санатына ауыстырылғанда қарау және кіру алымы алынбайды.
3. Бір эмитенттің шығарған бірнеше атаудағы акциялары Биржаның ресми тізіміне бір уақытта енгізілген жағдайда, осы акциялар бір атаудағы бағалы қағаздар ретінде қарастырылады.
4. Қарау, кіру және жыл сайынғы алымдарды есептеу мына үлкендіктер негізге ала отырып жүзеге асырылады:
  - 1) акциялар үшін (инвестициялық қорлар мен жылжымайтын мүлік қорларының акцияларын қосқанда) – оларды орналастыру бойынша орнатылған бағасының осы акциялардың жарияланған санына көбейтіндісінен (егер орналастыру бағасын анықтау мүмкін болмаса – олардың жиынтық номиналды құнынан);
  - 2) депозиттік қолхаттар үшін – оларды орналастырудың нақты бағасының осы депозиттік қолхаттардың жарияланған санына көбейтіндісінен;
  - 3) борыштық және исламдық бағалы қағаздар үшін – жиынтық номиналды құнынан;
  - 4) пайлық инвестициялық қорлар үшін – осы пайлық инвестициялық қордың таза активтерінің құнынан.
5. Егер қарау және/немесе кіру және/немесе жыл сайынғы алым есептелетін, бағалы қағаздар шетел валютасында номинацияланған болса, осы алымның (осы алымдардың) сомасы, осы алымды төлеуге (алымдарды) төлеу шоты (шоттары) ұсынылған күндегі Биржаның таңертеңгі сауда-саттық сессиясында қалыптасқан бағамына, осы валютаның теңгеге шаққандағы орташа сараланған, осындай бағам болмаса – осы алымды (алымдарды) төлеу шоты (шоттары) ұсынылған күндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен белгіленген бағамға көбейтіледі.
6. Егер борыштық бағалы қағаздардың номиналды құны қандай да бір көрсеткішке индекстелген болса, аталмыш алымдар, осы бағалы қағаздардың шығарылым аңдатпасында немесе мағынасы ұқсас басқа құжатта берілген формула бойынша шот (шоттар) ұсынылған күнде анықталатын, осы бағалы қағаздардың индекстелген номиналды құнынан есептеледі.

**5 бап. Ерекше шарттар**

Бағалы қағаздар Биржаның ресми тізімінің "Аралас" сауда-саттық алаңының "Мемлекеттік бағалы қағаздар" және "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторларына енгізілгенде қарау, кіру және жыл сайынғы алымдар алынбайды.

**2 бөлім. ЛИСТИНГІЛІК АЛЫМДАРДЫҢ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ.  
ЛИСТИНГІЛІК АЛЫМДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН ЕСЕПТЕУ**

**6 бап. Алдын ала алым**

Алдын ала алымның көлемі тиянақталған болып табылады және мына үлкендіктерді құрайды:

- 1) Биржаның ресми тізімінің "Негізгі" және "Алтернативтік" сауда-саттық алаңдарының "Коммерциялық облигациялар" секторына енгізілуі тұспалданатын бағалы қағаздар бойынша АЕК<sup>2</sup> 50-еселі көлемі;
- 2) Биржаның ресми тізімінің "Негізгі" және "Алтернативтік" сауда-саттық алаңдарының "Облигациялар" секторына енгізілуі тұспалданатын бағалы қағаздар бойынша АЕК 100-еселі көлемі.

**7 бап. Қарау үшін алым**

1. Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінің "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Борыштық бағалы қағаздар" секторларының "Коммерциялық облигациялар" санатына енгізгенде қарау үшін алымы алынбайды.

Барлық басқа жағдайларда, қандай да бір эмитентпен шығарылған бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізгенде қарау үшін алым, осы тізімде осы эмитентпен шығарылған қандай да бір бағалы қағаздар болмаса, немесе Листингілік комиссия немесе Биржа Басқармасы осы эмитентпен шығарылған бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу мүмкіншілігі туралы сұрақты қараған сәттен бастап алты айдан астам уақыт өтіп, инвестициялық меморандум немесе мағынасы ұқсас басқа құжатты ұсыну қажет болғанда ғана (осы баптың 2 тармағында белгіленген, ерекшелікті ескерумен) есептеледі.

2. Биржаның ресми тізіміне жеңілдетілген листинглік процедура бойынша кез келген сауда-саттық алаңына енгізілетін, резидент еместердің бағалы қағаздары үшін қарау үшін алымның сомасы тиянақталған болып табылып, АЕК 100-еселі мөлшерін құрайды.
3. Осы баптың 1 тармағының екінші абзацында белгіленген жағдайларда, қарау үшін алым осы Ережелердің 4 бабы 4 тармағында белгіленген, қолданымды үлкендіктен (осы баптың 4 және 5 тармақтарында белгіленген, ерекшеліктерді ескерумен) есептеледі:
  - 1) "Негізгі" және "Аралас" сауда-саттық алаңдарына енгізуге жоспарланған, бағалы қағаздардың әр атауы бойынша 0,025 % мөлшерлемесімен;
  - 2) "Альтернативтік" сауда-саттық алаңдарына енгізуге жоспарланған, бағалы қағаздардың әр атауы бойынша 0,015 % мөлшерлемесімен есептеледі.

---

<sup>2</sup> АЕК – мәні Қазақстан Республикасының тиісті жылдарға республикалық бюджет туралы заңдарымен белгіленетін, зейнетақыларды, жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді, сондай-ақ айыппұл ықпалшараларын қолдану, салықтар және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да төлемдерді есептеуге арналған, айлық есептік көрсеткіш.

4. "Негізгі" және "Аралас" сауда-саттық алаңдарына енгізуге жоспарланған, бағалы қағаздарға қарау үшін алымның минималды мөлшері АЕК 100-еселік көлемі, максималды – АЕК 1 000-еселік көлемін құрайды.
5. "Альтернативтік" сауда-саттық алаңына енгізуге жоспарланған, бағалы қағаздарға қарау үшін алымның минималды мөлшері АЕК 100-еселік көлемі, максималды – АЕК 1 000-еселік көлемін құрайды.
6. Бір эмитентпен шығарылған, бағалы қағаздардың төрт және одан аса түрлерін және/немесе атауларын Биржаның ресми тізіміне бір уақытта енгізгенде, қарау үшін алым осы Ережелердің 4 бабы 4 тармағында белгіленген, қолданымды үлкендіктердің сомасынан шыға отырып есептеледі.

**8 бап.**

**Кіру алымы**

1. Биржаның ресми тізімінің "Негізгі" және "Альтернативтік" сауда-саттық алаңдарының "Коммерциялық облигациялар" секторларына енгізілуі тұспалданатын, облигациялар үшін кіру алымының сомасы тиянақталған болып табылып, АЕК 100-еселік мөлшерін құрайды.
2. Биржаның ресми тізіміне жеңілдетілген листингтік процедура бойынша кез келген сауда-саттық алаңына енгізілетін, резидент еместердің бағалы қағаздары үшін кіру алымның сомасы тиянақталған болып табылып, АЕК 100-еселі мөлшерін құрайды.
3. Осы Ережелердің 4 бабы 4 тармағында белгіленгендердің ішінен, қолданымды үлкендіктерден шыға отырып есептелетін, кіру алымы, осы баптың 1 және 2 тармақтарында көрсетілмеген жағдайда:
  - 1) "Негізгі" және "Аралас" сауда-саттық алаңдарына енгізілуі жоспарланған, бағалы қағаздардың әр атауы бойынша 0,025 % мөлшерлемесімен;
  - 2) "Альтернативтік" сауда-саттық алаңдарына енгізілуі жоспарланған, бағалы қағаздардың әр атауы бойынша 0,015 % мөлшерлемесімен есептеледі.
4. "Негізгі" және "Аралас" сауда-саттық алаңдарына енгізуге жоспарланған, бағалы қағаздар үшін кіру алымның минималды мөлшері АЕК 100-еселік көлемі, максималды (осы баптың 6 тармағында белгіленгенді қоспағанда) – АЕК 3 000-еселік көлемін құрайды.
5. "Альтернативтік" сауда-саттық алаңына енгізуге жоспарланған, бағалы қағаздар үшін кіру алымның минималды мөлшері АЕК 100-еселік көлемі, максималды (осы баптың 6 тармағында белгіленгенді қоспағанда) – АЕК 1 500-еселік көлемін құрайды.
6. Бір эмитентпен шығарылған, бағалы қағаздардың төрт және одан аса түрлерін және/немесе атауларын Биржаның ресми тізіміне бір уақытта енгізгенде, кіру үшін алым осы Ережелердің 4 бабы 4 тармағында белгіленген, қолданымды үлкендіктердің сомасынан шыға отырып есептеліп, минималды мөлшері АЕК 100-еселік көлемін, максималдысы – АЕК 10 000-еселік көлемін құрайды.

**9 бап.**

**Жыл сайынғы алым**

1. Биржаның ресми тізімінің "Негізгі" және "Альтернативтік" сауда-саттық алаңдарының "Коммерциялық облигациялар" секторларында тұрған, облигациялар бойынша жыл сайынғы алым тиянақталған болып табылып, осындай облигациялардың әр шығарылымына АЕК 50-еселі мөлшерін құрайды.

- Биржаның ресми тізіміне жеңілдетілген листингілік процедура бойынша кез келген сауда-саттық алаңына енгізілген, резидент еместердің бағалы қағаздарына жыл сайынғы алымның сомасы олардың әр шығарылымына жыл сайынғы алымның мөлшерлемесінің 365 (жылдағы күндер саны) арасындағы және осы шығарылымның айналыста боулының нақты мерзімі арасындағы ара салмақтың бөліндісі ретінде есептеледі.
2. Бағалы қағаздар Биржаның ресми тізімінде тұрған кезінде, осы бағалы қағаздар және олардың эмитенті туралы ақпараттың ашылуы Биржаның өзімен емес, осы бағалы қағаздар ресми тізімінде тұрған шетелдік қор биржасымен белгіленген тәртіпте ашылуын қарастыратын, Биржаның ресми тізіміне листингілік жеңілдетілген процедурасы бойынша енгізілген жағдайда, осы бағалы қағаздар бойынша жыл сайынғы алымдар осы бағалы қағаздардың әр шығарылымын АЕК 100-еселік мөлшерде есептеледі.
  3. Жыл сайынғы алым, Биржаның ресми тізімінде тұрған, листингілік компанияның барлық бағалы қағаздары бойынша келесідей (осы баптың 1 және 2 тармағында белгіленгенді қоспағанда) есептеледі:
    - 1) Биржаның ресми тізімінде тұрған, листингілік компанияның бағалы қағаздарының барлық шығарылымдары арасында, осы Ережелердің 4 бабы 4 тармағында қолданымды тармақшасында белгіленген, үлкендік ең үлкен болып табылатын (осы Ережелердің 3 бабында белгіленген, ерекшеліктерді ескерумен), шығарылым анықталады;
    - 2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес анықталған, бағалы қағаздар шығарылымы бойынша жоғарыда аталмыш үлкендіктен 0,025% мөлшерлемесі бойынша, бірақ АЕК 100-еселі мөлшерінен кем емес және АЕК 2 000-еселі мөлшерінен аспайтындай, жыл сайынғы алым есептеледі;
    - 3) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес анықталғаннан басқа, листингілік компанияның бағалы қағаздар шығарылымдары бойынша, олардың сауда-саттық алаңына қарамастан, жыл сайынғы алым әр шығарылымға АЕК 100-еселі мөлшерінде есептеледі.
  4. Егер Биржаның ресми тізімінің "Негізгі" және "Альтернативтік" сауда-саттық алаңының "Облигациялар" секторында, "Негізгі" сауда-саттық алаңында "Банктік депозиттік сертификаттар" секторында, "Альтернативтік" сауда-саттық алаңының "Исламдық бағалы қағаздар" секторында тұрған бағалы қағаздардың айналыста болудың қалған мерзімі бір жылдан кем болса, жыл сайынғы алым осы бағалы қағаздардың айналыста болуының қалған күндеріне пропорционалды азайтылады.

### 3 бөлім. ЛИСТИНГІЛІК АЛЫМДАРДЫ ТӨЛЕУ

#### 10 бап.

#### Қарау, кіру және бірінші жыл сайынғы алымдарын төлеу шарттары

1. Қарау үшін алым Биржа тиісті шотын ұсынған күннен кейін бес жұмыс күн аралығында төленуі тиіс.

Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген шарттар орындалмаған жағдайда, Биржаның ресми тізіміне енгізу (Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, облигацияларды Биржаның ресми тізіміне енгізуге келісім беру) туралы, акциялардың төменірек санатынан жоғарырақ санатына ауыстыру туралы сұрақ Листингілік комиссияның немесе Биржа Басқармасының жуырдағы отырысына қарауға шығарылмайды.

2. Кіру және бірінші (бағалы қағаздардың Биржаның ресми тізімінде болуының бірінші жылына) жыл сайынғы алым Биржа тиісті шотын ұсынған күннен кейін 30 күнтізбелік күн аралығында төленуі тиіс.

Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген шарт орындалмаған жағдайда, Листингілік комиссияның немесе Биржа Басқармасының жуырдағы отырысына (төмендегі шешімді аталмыш органдардың қайсысы қабылдағанына қарай) алдында қабылданған Биржаның ресми тізіміне енгізу (Қазақстан Республикасынан өзге, мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, облигацияларды Биржаның ресми тізіміне енгізуге келісім беру) туралы шешімді жою туралы мәселе қаралады.

**11 бап. Келесі жыл сайынғы алымдарды төлеу**

1. Екінші және одан кейінгі жыл сайынғы алымдар келесілей төленеді:
  - 1) бағалы қағаздар айналысының басталған жылына жыл сайынғы алымды төрт бірдей бөлікпен әр үш ай сайын (бағалы қағаздардың шетел валютасында номинациялануы немесе қандай да бір көрсеткішке индекстелуіне қарай осындай бөліктердің теңгемен көлемдерінің айырмашылығы болуы мүмкіндігін ескерумен), Биржа тиісті шотты ұсынғаннан кейін 30 күнтізбелік күн аралығында төленеді;
  - 2) Биржа Басқармасымен келісе отырып, листингілік алымдардың төлеушісі бағалы қағаздардың айналыста болуының бірінші жылына алдын ала (үш айдан астам уақытқа алдын ал бір немесе бірнеше төлеммен) төлеуге құқылы.
2. Бағалы қағаздардың делистингі немесе бағалы қағаздардың мерзімнен бұрын өтелуі кезінде, алдында төленген жыл сайынғы алым қайтарылмайды.
3. Осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында белгіленген, бағалы қағаздардың айналысының екінші және содан кейінгі жылдарға жыл сайынғы алымдарды төлемеу немесе уақытылы төлемеу жағдайында, осы бағалы қағаздар делистингіленуі мүмкін.

**4 бөлім. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР**

**12 бап. Осы Ережелерде реттелмеген, сұрақтар**

Осы Ережелерде және Биржаның басқа ішкі құжаттарында реттелмеген, листингілік алымдарды түзетуге және есептеуге байланысты, сұрақтар Биржа Басқармасының шешімімен бекітілген, қосымша құжатпен (нұсқаулықпен) реттеледі.

**13 бап. Осы Ережелерді қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы Ережелер, Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленген, күннен бастап қолданысқа енгізіледі
2. Осы Ережелер қажетіне қарай, бірақ үш жылда бір реттен кем емес, актуализацияланады.

Басқарма Төрайымы

Алдамберген А.Ө.